«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

1

«Индер аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» КММ-нің басшысы А.Серіккалиеваға

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

22.11.2019 жылғы **№ 2280**

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ-сі 2015 жылы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес 18.11.2019 жылғы анықталған бұзушылықтарды, «Индер аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» КММ-не хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Қарсылықты қарау нәтижелерін ескере отырып, хабарламадағы көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, хабарлама орындалды болып есептеледі.

Мемлекеттік аудит объектісі бұзушылықтарды жою туралы мәліметті, веб-портал арқылы Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 6-қосымшасына сәйкес хабарламаны ұсынған уәкілетті органға жолдайды.

Қағиданың 11 тармағына сәйкес, егер мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарлама веб-портал арқылы жеткізілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

Егер қажет болған жағдайда қарсылыққа негіз ретінде растайтын құжаттардың көшірмелері қарсылыққа қоса беріледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

Департамент басшысының м.а. **Б.Анжанов**

Орындаған:Садыкова А.
Тел:31-90-38

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша
анықталған бұзушылықтарды жою туралы
хабарламаға қосымша

Менімен, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ-нің бас маманы Садыкова Айгуль Жумабайқызымен «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына сәйкес, тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде, мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы Хабарламаның №:3707473-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде шара өткізу», лоттың №27659864-ГС32 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер» камералдық бақылау жүргізілді.
Камералдық бақылаудың нәтижесімен келесі бұзушылық (тар) анықталды:
1. «Индер аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» КММ-мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу тәсілімен өткізілген №3707473-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде шара өткізу» мемлекеттік сатып алуына камералдық бақылау жүргізуде бұзушылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының *(әрі қарай-Қағида)* 223 тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

Бұдан әрі, Қағиданың 233 тармағына сәйкес, Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі;

7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі;

8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Қағиданың 12-қосымшасының ескертуінде жазылған *«сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады, тиісті өңірде жұмыс тәжірибесін растау үшін Тапсырыс берушінің ресми хаты қосымша беріледі және мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар болып танылады»* деген талабына сәйкес, «Дендер» ЖҚБ-ның , «Жәрдем-Атырау» ҚҚ-ның, «Тағылым-Индер» ҚБ-нің және «Амир» ЖК-нің конкурстық

өтініміндерінде растаушы құжаттардың жоқ болуына байланысты, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы, жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесінің болуы деген өлшемшарты бойынша 0 балл берілуі тиіс.

05.11.2019 жылы №3404714 қорытындылар хаттамасына сәйкес ұйымдастырушымен «Жәрдем -Атырау» КҚ-ның конкурстық өтінімі *«Сведения о потенциальном поставщике не содержатся в Базе данных неправительственных организаций»* және «Тағылым-Индер» ҚБ конкурстық өтінімі *«Тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкес келмеуі; Сведения о потенциальном поставщике не содержатся в Базе данных неправительственных организаций»* деген себептермен ұйымдастырушымен конкурсқа қатысуға бас тартылған.

Алайда, камералдық бақылау нәтижесі бойынша, infonpo.gov.kz сайтында «Жәрдем-Атырау» КҚ-ның және «Тағылым-Индер» ҚБ-нің «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына» мәліметтерді уақтылы ұсынғандығы анықталып, ұйымдастырушымен тиісті 2 бал берілмеген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-1-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және үкіметтік емес ұйымдар көрсететін қызметтердің сапасына, шарттарына, мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ олардың сапасын бағалау өлшемшарттарын белгілейді.

Аталған Стандарттың 3-тарауының 12 тармағында *«Оқыту қызметтерін көрсететін тұлға: 1) осы Стандартқа қосымшадағы 7-кестеде көрсетілген оқыту қызметтерін көрсету жағдайына қойылатын талаптарға сәйкес қаралатын мәселелерде теориялық дайындығының жеткілікті деңгейіне ие; 2) оқыту қызметтерін өткізудің практикалық тәжірибесі бар»* тұлға деп белгіленген.

Осыған орай, «Дендер» ЖҚБ-ның, «Жәрдем-Атырау» КҚ-ның және «Тағылым-Индер» ҚБ-нің конкурстық өтінімдерінде әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі аталған Стандарттың 7-кестесіне сәйкес келмеуіне байланысты 0 балдан берілуі тиіс.